

**"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1737 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н. Назарбаев*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2                      ж ы л ғ ы

№                      Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 10, 94-күжат; 2003 ж., № 8, 79-күжат; № 49,

558-құжат; 2005 ж., № 32, 424-құжат; 2007 ж., № 3, 35-құжат; 2008 ж., № 38, 404-құжат; № 44, 495-құжат; 2009 ж., № 40, 388-құжат):

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«2. Қоса беріліп отырған:

1) «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы туралы ереже;  
2) «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейі бекітілсін.»;

2) «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы туралы ереже осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) осы Жарлыққа 2-қосымшаға сәйкес «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейімен толықтырылсын.

2. «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы № 1166 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 33, 322-құжат; 2005 ж., № 30, 383-құжат; 2008 ж., № 38, 404-құжат; 2009 ж., № 40, 388-құжат; 2012 ж., № 6, 114 - құжат):

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«2. Қоса беріліп отырған:

1) АЭА туралы ереже;

2) АЭА жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейі бекітілсін.»;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген арнайы экономикалық аймақ туралы ережеде:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:»;

3) осы Жарлыққа 3-қосымшаға сәйкес арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейімен толықтырылсын.

3. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі № 1605 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 28, 344-құжат):

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«2. Қоса беріліп отырған:

1) «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы туралы ереже;

2) «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейі бекітілсін.»;

2) «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы туралы ереже осы Жарлыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) осы Жарлыққа 5-қосымшаға сәйкес «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің сыни деңгейімен толықтырылсын.

4. «Бурабай» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы № 512 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 2, 21-құжат):

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қоса беріліп отырған:

1) АЭА туралы ереже;

2) АЭА жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейі бекітілсін.»;

2) Арнайы экономикалық аймағы туралы ереже осы Жарлыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) осы Жарлыққа 7-қосымшаға сәйкес арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейімен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№ Ж а р л ы ғ ы н а

1-ҚОСЫМША

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 6

с ә у і р д е г і

№ 8 5 3 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

## **«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы туралы**

### **ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер**

1. «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес теңіз сауда портының аумағында, сондай-ақ Маңғыстау облысы Ақтау қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасының шегіндегі аумақтың бөлігінде орналасқан.

АЭА-ның аумағы 2000 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

2. АЭА республика экономикасының дүниежүзілік шаруашылық байланыстар

жүйесіне белсенді енуі, тиімділігі жоғары, соның ішінде жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірістерді құру, өнімдердің жаңа түрлерін шығаруды игеру, инвестицияларды тарту, нарықтық қатынастардың құқықтық нормаларын жетілдіру, басқарудың және шаруашылық жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешу үшін аймақты жеделдете дамыту мақсатында құрылады.

3. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

4. АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:
- 1) электр-тұрмыстық аспаптар өндіру;
  - 2) былғары және оған жататын өнім өндіру;
  - 3) химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру;
  - 4) резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру;
  - 5) өзге бейметалл минералдық өнімдер өндіру;
  - 6) металлургия өнеркәсібі;
  - 7) дайын металл бұйымдарын өндіру;
  - 8) машиналар мен жабдықтар өндіру;
  - 9) мұнай-химия өнімдерін өндіру;
  - 10) жинақтау және қосалқы көлік қызметі;

11) негізгі фармацевтикалық өнімдер, препараттар өндіру болып табылады.

## **2. АЭА-ны басқару**

5. АЭА-ны басқару «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

## **3. АЭА-ның аумағында салық салу**

6. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

## **4. Кедендік реттеу**

7. АЭА аумағындағы кедендік реттеу Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі АЭА-ның аумағында немесе оның аумағының бір бөлігінде қолданылуы мүмкін.

9. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен АЭА-ға қатысушы ретінде қызметті

жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес АЭА аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар АЭА аумағына орналастыруға және (немесе) пайдалануға арналған тауарларды орналастырады.

10. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады. Кедендік бақылау жүргізу мақсатында АЭА шекаралары оның периметрі бойынша Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жайластырылады және жабдықталады.

11. АЭА аумағында Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен тауарларды уақытша сақтау орындары құрылуы мүмкін.

12. АЭА аумағында еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар, сондай-ақ еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылмаған Кеден одағының тауарлары және өзге де кедендік рәсімдермен орналастырылған шетелдік тауарлар орналастырылуы және пайдаланылуы мүмкін.

13. АЭА аумағына әкелінген және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін Кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерде орналасқан тауарлар ретінде қаралады.

14. Тауарларды уақытша сақтауға, кедендік декларациялауға, кедендік тазартуға және шығаруға, сондай-ақ АЭА аумағында кедендік бақылау жүргізуге байланысты кедендік операциялар Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **5. Қоршаған ортаны қорғау**

15. Экологиялық реттеу бөлігіндегі АЭА қызметі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және өмір сүру сапасын арттырудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерінің теңгерімі негізінде тұрақты дамуға және қоршаған ортаны қорғауға көшу үшін жағдай жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануға негізделеді.

## **6. Қорытынды ережелер**


16. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

17. АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

18. АЭА-ның осы Ережемен реттелмеген қызметі Қазақстан Республикасы мен Кеден одағының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің  
 2002 жылғы 26 сәуірдегі  
 № 853 Жарлығымен бекітілген  
 «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге  
 ҚОСЫМША

**«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы аумағының  
 ЖОСПАРЫ**



«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының жалпы аумағы = 2000 га

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2012 жылғы

№ Жарлығына

2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2002 жылғы 26

сәуірдегі

№ 853 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

**«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің  
 нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол  
 жеткізбеудің дағдарысты деңгейі**

Максаттары, міндеттері және	Базалық кезең (	2012 жылға қарай қол жеткізу	2017 жылға қарай қол жеткізу	2022 жылға қарай қол жеткізу	2027 жыл жеткізу

№ р/с	көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	2003 – 2011)	нысаналы индикатор	дағдарысты деңгейі	нысаналы индикатор	дағдарысты деңгейі	нысаналы индикатор	дағдарысты деңгейі	нысаналы индикатор
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1.	Жалпы инвестиция көлемі, соның ішінде:	млрд. теңге	21,30	21,25	20,00	30	25	35	30	40
1)	шетелдік инвестиция көлемі	млрд. теңге	8,1	7,9	7,0	10	8	13	9	18
2)	отандық инвестиция көлемі	млрд. теңге	13,2	13,35	13,0	20	17	22	21	22
2.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында тауарларды және қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	193,16	192,5	188,5	270,34	225,18	315,2	270,34	360,28
3.	Қатысушылар саны	компаниялар	18	30	20	40	35	47	42	55
4.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	669	660	580	1500	1200	2000	1800	2500
5.	Арнайы экономикалық аймағының аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесінің орташа мәні	%	50,4	50	50	50	50	50	50	50

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№ Ж а р л ы ғ ы н а

3-ҚОСЫМША





6.	ғылыми-зерттеу лабораторияларды және оқу кафедраларды ашу жолымен АБТ-ны дамыту	кафедралар	2	4	2	5	3	7	4
----	--	------------	---	---	---	---	---	---	---

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№ Ж а р л ы ғ ы н а

4-ҚОСЫМША

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 6 ш і л д е д е г і

№ 1 6 0 5 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

## «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы туралы

### ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының аумағында орналасқан

АЭА-ның аумағы 200 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

1) республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіруін жандандыру үшін өңірдің үдемелі дамуы, аса тиімді, оның ішінде жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірістер құру, жаңа өнімдер түрін шығаруды игеру, инвестициялар тарту, нарықтық қатынастардың құқықтық нормаларын жетілдіру, шаруашылық және басқару жүйелеріне заманауи тәсілдер түрлерін енгізу, сондай-ақ әлеуметтік проблемаларды шешу;

2) Қазақстан Республикасының тоқыма, тігін өнеркәсібін және мақтаны қайта өңдеу өндірістегі өнеркәсіптерін дамыту;

3) тоқыма өнеркәсібін дамыту;

4) дайын тоқыма өнімдерін өндіру үшін әлемдік сауда маркілерінің өндірушілерін т а р т у ;

5) жоғары технологиялық өндірістер құру, өндірілетін тоқыма өнімдерінің сапасын жақсарту және түр-түрін көбейту мақсаттарында құрылады.

3. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан

Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

4. АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:

- 1) киімнен басқа дайын тоқыма бұйымдарын өндіру;
- 2) трикотаж бұйымдарын өндіру;
- 3) тоқыма материалдарынан тігілетін киім өндіру;
- 4) жібек маталар мен солардың негізінде жасалатын бұйымдар өндіру;
- 5) мата емес тоқыма материалдар мен солардан жасалған бұйымдар өндіру;
- 6) кілемдер, кілем бұйымдары мен гобелендер өндіру;
- 7) мақта целлюлозасы мен одан туынды өнімдер өндіру;
- 8) мақта шикізатынан жоғары сапалы қағаз өндіру;
- 9) тері бұйымдарын өндіру болып табылады.

## **2. АЭА-ны басқару**

5. АЭА-ны басқару «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

## **3. АЭА-ның аумағында салық салу**

6. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

## **4. Кедендік реттеу**

7. АЭА аумағындағы кедендік реттеу Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі АЭА-ның аумағында немесе оның аумағының бір бөлігінде қолданылуы мүмкін.

9. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен АЭА-ға қатысушы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес АЭА аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар АЭА аумағына орналастыруға және (немесе) пайдалануға арналған тауарларды орналастырады.

10. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады. Кедендік бақылау жүргізу мақсатында АЭА шекаралары оның периметрі бойынша Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жайластырылады және жабдықталады.

11. АЭА аумағында Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен тауарларды уақытша сақтау орындары құрылуы

м ү м к і н .

12. АЭА аумағында еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар, сондай-ақ еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылмаған Кеден одағының тауарлары және өзге де кедендік рәсімдермен орналастырылған шетелдік тауарлар орналастырылуы және пайдаланылуы мүмкін.

13. АЭА аумағына әкелінген және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін Кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерде орналасқан тауарлар ретінде қаралады.

14. Тауарларды уақытша сақтауға, кедендік декларациялауға, кедендік тазартуға және шығаруға, сондай-ақ АЭА аумағында кедендік бақылау жүргізуге байланысты кедендік операциялар Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **5. Қоршаған ортаны қорғау**

15. Экологиялық реттеу бөлігіндегі АЭА қызметі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және өмір сүру сапасын арттырудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерінің теңгерімі негізінде тұрақты дамуға және қоршаған ортаны қорғауға көшу үшін жағдай жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануға негізделеді.

## **6. Қорытынды ережелер**

16. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

17. АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

18. АЭА-ның осы Ережемен реттелмеген қызметі Қазақстан Республикасы мен Кеден одағының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2005 жылғы 6 шілдедегі

№ 1605 Жарлығымен бекітілген  
«Оңтүстік» арнайы экономикалық  
аймағы туралы ережеге

**ҚОСЫМША**



1.	Жалпы инвестиция көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	26,1	32,8	27,1	38,6	32,8	43,5	38,6	51,2
1)	шетелдік инвестиция көлемі	млрд. теңге	-	2,3	1,0	4,5	2,3	5,1	4,5	7,3
2)	отандық инвестиция көлемі	млрд. теңге	26,1	30,5	26,1	34,1	30,5	38,4	34,1	43,9
2.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында тауарларды және қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	0,8	9,8	5,2	18,8	9,8	36,8	18,8	45,8
3.	Өңір экономикасының шикізаттық емес секторында инвестициялардың жыл сайынғы өсімі (өңдеуші өнеркәсіп)	%	0,075	0,3	0,15	0,3	0,15	0,3	0,15	0,3
4.	Қатысушылар саны	компаниялар	5	7	5	10	7	12	10	15
5.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	484	3 000	1 500	3 500	3 000	4 200	3 500	5 000
6.	Арнайы экономикалық аймағының аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	70	70	30	70	30	70	30	70
7.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында жалпы өндіріс көлеміндегі өнім экспортының үлесі	%	50	50	30	50	30	50	30	50

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№ Ж а р л ы ғ ы н а

6-ҚОСЫМША

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 5

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 5 1 2 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

## «Бурабай» арнайы экономикалық аймағы туралы

### ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. «Бурабай» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Ақмола облысы Бурабай ауданының аумағында орналасқан.

АЭА-ның аумағы 370 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

2 . А Э А :

1) келетін қазақстандық және шетелдік туристердің қажеттілігін қамтамасыз етуге және қанағаттандыруға аса тиімді, бәсекеге қабілетті туристік инфрақұрылымды дамыту; экологиялық таза көлікті, оның ішінде демалудың барлық объектілеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында шағын авиацияны пайдалану үшін базаны құру; туристерге қызмет көрсету үшін бірыңғай ақпараттық база құру;

2) инвестициялық жобаларды іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, қолайлы инвестициялық ахуал құру, сондай-ақ әлеуметтік проблемаларды шешу мақсаттарында құрылады.

3. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

4. АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:

1) туристік қызмет көрсету;

2) саяхатшыларды орналастыру орындары, санаторий және сауықтыру объектілерді мынадай шарттарды сақтай отырып, салу және пайдалануға беру:

2.1) салынып және пайдалануға беріліп жатқан ойын бизнесімен байланысты емес объектілер;

2.2) салу және пайдалануға беру жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асыру болып табылады.

## 2. АЭА-ны басқару

5. АЭА-ны басқару «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3. АЭА-ның аумағында салық салу**

6. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

### **4. Кедендік реттеу**

7. АЭА аумағындағы кедендік реттеу Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қызметтің басым түрлері жүзеге асырылатын АЭА аумағының бір бөлігінде қолданылады.

9. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен АЭА-ға қатысушы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес АЭА аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар АЭА аумағына орналастыруға және (немесе) пайдалануға арналған тауарларды орналастырады.

10. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады. Кедендік бақылау жүргізу мақсатында АЭА шекаралары оның периметрі бойынша Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жайластырылады және жабдықталады.

11. АЭА аумағында Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен тауарларды уақытша сақтау орындары құрылуы мүмкін.

12. АЭА аумағында еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар, сондай-ақ еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылмаған Кеден одағының тауарлары және өзге де кедендік рәсімдермен орналастырылған шетелдік тауарлар орналастырылуы және пайдаланылуы мүмкін.

13. АЭА аумағына әкелінген және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін Кеден одағының кедендік аумағынан тыс жерде орналасқан тауарлар ретінде қаралады.

14. Тауарларды уақытша сақтауға, кедендік декларациялауға, кедендік тазартуға және шығаруға, сондай-ақ АЭА аумағында кедендік бақылау жүргізуге байланысты кедендік операциялар Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 5. Қоршаған ортаны қорғау

15. Экологиялық реттеу бөлігіндегі АЭА қызметі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және өмір сүру сапасын арттырудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерінің теңгерімі негізінде тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғауға көшу үшін жағдай жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануға негізделеді.

## 6. Қорытынды ережелер

16. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.


17. АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

18. АЭА-ның осы Ережемен реттелмеген қызметі Қазақстан Республикасы мен Кеден одағының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2008 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 512 Жарлығымен бекітілген  
«Бурабай» арнайы экономикалық  
аймағы туралы ережеге  
ҚОСЫМША

**«Бурабай» арнайы экономикалық аймағы аумағының  
ЖОСПАРЫ**





«Бурабай» арнайы экономикалық аймағының жалпы аумағы = 370 га

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2012 жылғы

№ Жарлығына

7-ҚОСЫМША

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2008 жылғы 15

қаңтардағы

№ 512 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

**«Бурабай» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің дағдарысты деңгейі**

№ р/с	Максаттары, міндеттері және көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең (2012 жыл)	2015 жылға қарай қол жеткізу		2017 жылға қарай қол жеткізу	
				нысаналы индикатор	дағдарысты деңгейі	нысаналы индикатор	дағдарысты деңгейі
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Жалпы инвестиция көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	4	5	3	8	5
1)	шетелдік инвестиция көлемі	млрд. теңге	2	2,5	1,5	4	2,5
2)	отандық инвестиция көлемі	млрд. теңге	2	2,5	1,5	4	2,5

2.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында тауарларды және қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	1,78	6,512	5,18	16,132	11,248
3.	Қатысушылар саны	компаниялар	1	1	1	1	1
4.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	540	1970	1680	3940	3480
5.	Арнайы экономикалық аймағының аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	100	100	-	100	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК